

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті
«Фармацевт-технолог» модулінің, 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс
технологиясы» мамандығы PhD докторанты Алимова Урзия
Суннатуллаеваның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
«Батпақты иір және үлкен жолжелкен (*Acorus calamus L. and Plantago major L*)
экстрактары қосылған суппозиториді құрастырудың фармацевтикалық
және фармакологиялық аспектілері» тақырыбы бойынша орындаған
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фарм.ғ.д., доцент
Устенова Гульбарам Омаргазиеваның**

ПІКІРІ

Алимова У.С. диссертациялық жұмысы, қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымында көмірқышқылды экстрактар негізінде алынған комплексті фитопрепараттардың үлесін арттыруға негізделген.

Алимова Урзия Суннатуллаевнаның экспериментальды бөлігі диссертациялық жұмысы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті мен Украина мемлекеті, Харьков қаласындағы Мемлекеттік фармация университетінде орындалды.

Автор алған рет комплексті тәжірибелік зерттеу жұмыстарын, жаңа препаратты жасауда және технологиясын оңтайландыруда батпақты иір тамырсабақтары және үлкен жолжелкен жапырақтарының көмірқышқылды экстрактары негізіндегі ректальды суппозиторилер алуға бағытталды. Алынған суппозиторилер Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопееясының талаптарына сәйкес стандартталып, тұрақтылығы мен сақтау мерзімі анықталған. Алынған көмірқышқылды экстрактқа АНҚ жобасы жасалынған, және «Фито- Аромат» ЖШС базасында өндірістік – технологиялық сериясы алынған, өндірістік – технологиялық регламент жасалынып АКТ енгізілген. Алынған көмірқышқылды экстрактар негізінде алынған суппозиторилерге АНҚ жасалынған, «ФитОлеум» ЖШС базасында өндірістік – технологиялық сериясы алынған, өндірістік – технологиялық регламент жасалынып АКТ енгізілген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференцияларда кеңінен жарияланған. Ғылыми зерттеу жұмысының жаңалығы патентпен бекітілген.

Алимова У.С. диссертациялық жұмысты жасау барысында, фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, өзін толық маман ретінде

қалыптасқан тұлға екенін көрсетті. Ол, практикалық және теориялық маңызды, ғылыми жаңалығы бар, ғылыми зерттеу жұмысын жасады.

Алимова У.С. ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмыстарында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолданды, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология, заманауи әдістерді талдауда біліктілігін көрсетті.

Өзінің еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарына шығармашылықпен қарайтындығы диссертантты ерекшелеп көрсетті.

Алимова У.С. диссертациясы «Батпақты иір және үлкен жолжелкен (*Asorus calamus L. and Plantago major L.*) экстрактары қосылған суппозиторияларды құрастырудың фармацевтикалық және фармакологиялық аспектілері» тақырыбы бойынша өзі орындаған, білікті, аяқталған ғылыми еңбек, қойылған мақсат, міндеттер, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелері жоғары дәрежеде орындалған. 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін және ресми қорғау үшін ұсынылды.

Ғылыми кеңесші,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қаз ҰМУ
«Фармацевт - технолог» модулінің
фарм. ғ. д., доцент

Г.О. Устенова

